

## **"Крамдс" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 6 желтоқсандағы N 1671

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламаны жүзеге асыруды жеделдету, монополиясыздандыру мен шағындау, нарықтық қатынастарды қалыптастыру, сондай-ақ заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандарын Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен (жалпы бөлім) сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім), "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, акционерлік қоғамдарды қосымшаға сәйкес бөліп шығару нысанында "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясын қайта ұйымдастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының құрамынан бөлініп шыққан акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сататын болсын.

3. "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының құрамындағы холдинг компаниялары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 ақпандағы N 175 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 8, 84-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы  
6 желтоқсандағы  
N 1671 қаулысына

ҚОСЫМША

"КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының құрамынан

бөліп шығаруға ұсынылатын акционерлік қоғамдардың  
тізбесі

"Полипропилен" акционерлік қоғамы, Атырау қаласы

"Лисаков химия талшықтары зауыты" акционерлік қоғамы, Лисаков  
қаласы

"Қазстройполимер" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы

"Кустанайазбест" акционерлік қоғамы, Жетіғара қаласы,  
Қостанай облысы

Лисаков кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы, Лисаковск  
қаласы, Қостанай облысы

"Шығыс Қазақстан мыс-химия зауыты" акционерлік қоғамы,  
Шемонаиха поселкесі, Шығыс Қазақстан облысы

"Атасуруда" акционерлік қоғамы, Қаражал қаласы, Жезқазған облысы

"КОТЕКС" акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы

"Восход" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы

"Жарық" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы

"Мако" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы

"Тұлпар" акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы

"Петропавл былғары зауыты" акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы

"Петропавл былғары шикізаты зауыты" акционерлік қоғамы,  
Петропавл қаласы

"Елқамы" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы

"ЮЖТЕКС" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы

"Комплекс" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Цефар" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы

"Асхана ас үйі приборлары" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Газмашаппарат" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы

"Алматы ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы, Алматы

қаласы

"Ұсталық пресс жабдықтарын шығару жөніндегі Шымкент өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы

"Павлодар арнайы технологиялық жарақтар мен құралдар зауыты" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Октябрь зауыты" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Автоматтандыру мен механизациялаудың жобалау-конструкторлық технологиялық институты" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"Стенд" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Леңгір дәл құю зауыты" акционерлік қоғамы, Леңгір қаласы,

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Темір" акционерлік қоғамы, Талдықорған қаласы

"Арна" акционерлік қоғамы, Арқалық қаласы

"Павлодар-Электронмаш" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы

"ДАСУ" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Петропавл электризоляциялау материалдары зауыты" акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы

"Геофизприбор" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Макин поршень сақиналары зауыты" акционерлік қоғамы, Макин қаласы, Ақмола облысы